

Ж. Молдабаева, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Ш. К. Садыханова, ҚАЗ басқару және әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Әлеуметтік қызмет көрсету саласын кеңейту, олардың сапасын арттыру мақсатында Мемлекет басшысы өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену» стратегиясы.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2008 жылғы желтоқсанда «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заң қабылданып, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін реформалауға және қиын өмірлік жағдайларға тап болған адамдардың, оның ішінде мүгедектердің құқықтарын қорғауға жол ашылды. Осы заңға кеңірек тоқталатын болсақ, біріншіден, мұнда арнаулы әлеуметтік қызметтерді бағалау және оларға деген қажеттілікті айқындау арқылы тең мүмкіндіктерге негізделген қоғамды қалыптастыру идеологиясы айқын аңғарылады; адамдарды қиын өмірлік жағдайларға тап болған деп танудың негіздемесі айқындалған.

Әлеуметтік көмек алуға құқылы азаматтар:

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
- жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар;
- Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан шебінде кем дегенде алты ай жұмыс істеген және ерен еңбегі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері және медальдарымен марапатталмаған тұлғалар:
- 1, 2, 3 топ мүгедектері;
- 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар;
- жасы бойынша және еңбек тәжірибелері бойынша зейнеткерлер;
- күш құрылымдарының зейнетақысын алушылар;
- Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі сіңгені үшін зейнетақы алатындар;
- 18 жасқа толмаған төрт немесе одан да көп балалары бар көпбалалы отбасы және балалар үйінің тұлғалары;
- екі ата—анасынан да немесе бір ата—анасынан айырылған жетім балалар;
- жұмыссыз азаматтар;
- жалпы табысы өмір сүру деңгейінен кем түсетін аз қамтамасыздандырылған азаматтар.

Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің әлеуметтік пакеттерін қайта қарастырған жөн. Үкіметке азаматтық қызметшілер еңбекақысының жаңа үлгісін әзірлеуді және 2015 жылғы 1 шілдеден бастап енгізуді тапсырамын. Ол қызметкерлердің еңбекақыларын денсаулық сақтау саласында — 28, білім беру саласында — 29, әлеуметтік қорғау саласында 40 пайызға дейін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің балама нысандары — күндізгі бөлімшелер құрылды, 2008 жылы осындай бір ғана бөлімше болса, 2011 жылы олардың саны 22-ге жетті. Ағымдағы жылы реформаны одан әрі жүргізу мақсатына стандарттар енгізуге республикалық бюджеттен 41 мың адамды қамту үшін 2,2 млрд. теңге бөлінді. Төрт қанатқақты өңірде: Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары, Астана мен Алматы қалаларында белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарында уақытша болу стандарты енгізіле бастады.

Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлері:

Мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдер. Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік төлемдер. Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік көмек түрлері.

Адам қандай жағдай болмасын қолдауды, көмекті, қорғауды қажет етеді. Халық әртүрлі негізде құрылған және одан, өздерінің әлеуметтік және басқа да мәселелерінің кейбіреулерін ғана шеше алатын немесе мүлдем шеше алмайтын қиын өмір жағдайындағы адамдар, топтар бөлінеді. Сондықтан, әлеуметтік жұмысты тар мағынада қарастыра отырып біз объект дегенде, дәл осы топтар, халық қабаттары, олардың жеке уәкілдері, индивидтер екенін

түсінеміз. Бөгде адамдардың көмегін қажет ететін адамдар әлеуметтік жұмыс объектісі болады. Олар: қарттар; зейнеткерлер; мүгедектер; ауыр халдегілер; балалар; қиын өмірлік жағдайға душар болған адамдар; жағымсыз ортаға тап болған жасөспірімдер, маскүнемдер, нашакорлар, жыл сайын өзін-өзі өлтіретіндер, жұмыссыздар, жезөкшелер және т.б.

Бұлардың барлығы әлеуметтік қызметкерден адамның жан дүниесін терең түсіне білуді, жанашырлық танытуды, жан-жақты болуды, үлкен шыдамдылықпен ынталылықты талап етеді. Әлеуметтік жұмысты жүргізетін және оны басқаратын барлық адамдар және ұйымдар субъект болып табылады. Ол — әлеуметтік саясатты жүзеге асыратын мемлекет.

Ғылыми жұмысшылар әлеуметтік жұмыс жағдайын сараптайды, әртүрлі әдістерді қолдана отырып ғылыми бағдарламаларды қайта өңдейді, бар және пайда болған тенденцияларды (беталыстар) бекітеді; әлеуметтік жұмыс мәселесі жайлы мақалаларды жариялайды, ғылыми есептер, кітаптар шығарады.

Әлеуметтік жұмыс теориясы мен тәжірибесі психологиялық-педагогикалық принципке үлкен орын берілуінің мәні, клиентке ықпал ету тәсілін, әлеуметтік жұмыс формасы мен әдісіне деген талапты білдіреді.